

АБАЙДЫҢ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Р.А. БАЗАРБАЕВА,

оқытушы

Низами атындағы ТМПУ, Өзбекстан

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15257041>

Лирикалық туындылардың табиғаты эпикалық, драмалық шығармалардан өзгеше. Лирикалық шығармалардың жанрлық ерекшелігін сипаттайтын еңбектер көп. Қазақ ғалымдарынан Қ. Жұмалиев, З.Қабдолов, З.Ахметов, К. Ахметов, т.б., өзбек ғалымдарынан Иззат Султон, Жамол Камол, Дилмурод Қуранов, Эркин Худойбердиев т.б. Лириканың өзіндік ерекшелігі нелерден тұрады? Ең алдымен осы сұраққа жауап беріп өтейік. Бұл сұраққа жауап беру үшін лирика туралы жазылған теориялық еңбектердің беттерін парақтап көру қажет.

Өзбек ғалымы Эркин Худойбердиев былай дейді:

“...лириканың ерекшеліктері негізінен төртеу:

1. Лирика және эпоста да объектив және субъектив әлем бейнеленеді, бірақ эпоста біріншісі, лирикада екіншісі негізгі орынды иелейді. Өйткені лирика өзін-өзі суреттеу, бірақ әлем лирикаға лирикалық қаһарманның санасы арқылы өтеді «мен тілінен баяндалады»...

2. Лирика эмоционалды-сезімдік пікірлеу, яғни ол ішкі әлем, көңілдің айнасы. Әлемдегі қайшылықтар көңілге көшеді; лирика ішкі поэзия, рухани жан дүниесінің айнасы.

3. Эмоционалды-сезімдік пікірлеу жеке сезімдер бейнелейді, яғни лирика негізінде ішкі сезім тұрады, өмір өлең жолдарында ішкі сезім арқылы көрініс табады, сезімдер лирикалық образға айналады, сондықтан адамдар бұл сезімдерде өзін көреді, оны өзінің етіп алады. Кейбір ақындардың сезімдері өмірді бейнелеуде тар, кейбіреулердікі кең болуы мүмкін.

4. Эмоционалды-сезімдік пікірлеу сезім мен пікірдің жемісі. Өмір әрдайым ақында қуаныш немесе өкініш сезімін қозғайды, сезім әсте-секін пікір және қорытындыға айланады. Сезім – көңілдегі шердің толқуынан пайда болады. Лирикадағы сезім тыңдаушыны да дәл сол сезімге бөлейді”. [3, 182]

Қазақ тілінде жарық көрген әдебиеттану терминдер сөздігінде лирика ұғымына төмендегідей анықтама берілген: лирика – көркем әдебиеттің негізгі саласының, жанрының бірі, басты ерекшелігі – адамның көңіл-күйін, сезім дүниесін тікелей бейнелеп көрсетеді. Лирикада ой мен сезім бірлесіп, терең қабысады.



Егер эпикалық жанрдың ең басты ерекшелігі оқиғаның қалай баяндалып, суреттелетініне байланысты болса, лирикалық шығарманың күшті, қуаттылығы алдымен адамның көңіл-күй, өмірдегі жағдай-құбылыстан алған әсерін бейнелеп жеткізу шеберлігімен ұштасып жатады.

Жоғарыда келтірілген пікірлерден төмендегіше қорытынды жасауға болады:

- лириканың басқа өнер түрлерімен байланыстығы бар екенін көруімізге болады;

- лирика қаншалықты индивидуал, жеке сезімдерді бейнелесе де, онда өмірдің түрлі жағдайлары көрініс табады;

- лирикалық туындыларда адам сезімдерін анық және тынық бейнелеуімен ерекшеленіп тұрады;

- лирикада тар мағынада өсу үстінде болатын сюжет болмайды;

- лирика тілі өзіндік лирикалық сөйлеу тіліне амал етеді.

Енді, негізгі мақсатымыз лириканы оқытудың ерекшеліктері мәселесіне көшсек.

Жалпы орат білім беретін мектептердің бастауыш сыныптарынан бастап жоғары сыныптарына дейін әдебиет пәнінен көркем шығармалардың жанрлық тұрғыдан лирикалық шығармалар оқытылуы назарда тұтылған. Яғни, бастауыш сынып “Оқу сауаттылығы” пәнінен бастап, жоғары сыныпта “Әдебиет” пәнімен жалғасатын әдеби білім беру сатысында лирикалық шығармалар кеңінен оқытылады. Дегенмен осы тектес шығармаларды оқытудың өзіндік мақсат, мүддесі, әдіс-тәсілдері әр сыныпта әртүрлі.

Әдіскер-ғалымдардың пікірінше, лириканы оқытудың күрделілігі оның жанрынан ғана емес, оқырманның оған деген көзқарасы, қарым-қатынасынан да байқалады дейді. Бұл жайлы әдіскер-ғалым Қ.Бітібаева былай дейді: “Әсіресе, 5-8 сыныптар оқушыларының көбі поэзиядан гөрі, қызықты мазмұны бар, айтайын деген ойының бәрі бадырайып тұратын прозалық шығармаларды ұнатады. Лирикалық шығармаларда ақын өз ойы, өз сезімі, өз күйін тікелей кейіптеу арқылы жеткізсе, лириканың сол өзіндік қасиеттерін түсіну үшін, баланың да ақынжанды жүрегі, нәзік сезімі, ұшқыр ойы болуы керек қой. Лирикалық шығармаларды құлақпен емес, жүрекпен, сезіммен қабылдау керек десек, ол шығармаларды бала қалай меңгерді, нені сезді, неге тебіренді, қандай көңіл күйде болды, оны тексеру де мұғалімге оңайға соқпайтын мәселелер. Міне, сондықтан да лириканы оқытудың күрделілігі осында жатыр”. [1, 288]

Осы орайда зерттеуші И.Ғаниевтің пікірін келтірген орынды сияқты. Оның айтуынша: көркем шығармада субъект тілі және объект тілі (бұл жерде «тіл»



сөйлеу мәдениеті деген мағынада жұмсалады) атаулары қолданылады. Әдеби жанрлардың – лирика, эпос, драма тілі арасындағы айырмашылық та осы тұстан – объекті мен субъектілік сөйлеудің бірінің үстемдігінен басталады. Субъект – автор, объект – қаһарман екенін ескерсек, лирикада субъектінің сөзі басым екенін сезіну қиын емес. Лирикалық туындылар өмірде болған оқиғаларды тікелей суреттеу емес, сол оқиғалардың нәтижесінде белгілі бір тұлға жүрегінде туған сезім мен сол сезімдерді суреттеу беріледі. Бұл белгілі бір эмоцияның белгілі бір адамға – субъектіге және осы сезімді білдіретін субъектінің өзіне тиісті екенін білдіреді.

V-VIII сыныптарда лирикалық шығармаларды оқытуда төмендегідей мәселелерге көңіл бөлген жөн – дейді, әдіскер ғалым Қ.Бітібаева.

- лирика туралы әдеби-теориялық білім беру;
- шығарманың поэтикалық тілі мен құрылымын анықтауға арналған тапсырмалар үстінде істеу;
- шығарманың поэтикалық тілі мен құрылымын анықтауға арналған тапсырмалар үстінде істеу;
- шығарманы мәнерлеп оқуға және жаттауға мән беру;
- оқушыларды мәтінмен жұмыс істеу тәсілдерімен таныстыру;
- оқушылардың назарын ақынның сезіміне бағыттау, өлеңнің әсерлілігіне көңіл бөлу.

Төменде, лирикалық туындыларды оқытуды Абайдың “Қыс” өлеңін оқыту негізінде көріп шығамыз. Ең алдымен мұғалім өлеңді өзі мәнерлеп оқып береді. Одан соң оқушыларға іштей оқып шығуын айтады. Оқушылар оқып болған соң, өлең бойынша әдеби талдау жүргізіледі.

Әдеби-талдау сұрақтары:

- Қыс мезгілі қалай бейнеленгенін өлең жолдарынан тап.
- Ақын қыс көрінісін қандай сөздермен бейнелеген?
- Өлең жолдарында берілген түсінікті қажет ететін сөздерді тап.
- Қыс мезгілімен қоса, кімдер бейнеленген? Олардың іс-әрекетін бейнелуден мақсат не?
- Ойлап көр, ақын неліктен қыс мезгіліндегі қазақ халқының тұрмысын бейнелеген?
- Өлең қандай көңіл-күйде жазылған?

Мағынасы бейтаныс сөздердің түсіндірме сөздігін жасау.

Сөздер	Мағынасы	Мағынасына сәйкес мақал-мәтелдер
--------	----------	----------------------------------



Шидем	қой жүнінен тоқылған киім	Қой аузынан шөп алмас.
Долданғанда		
Домбығып		
Үсік		
Ұшпа		

“Үш қадам” әдісі арқылы өлеңдегі негізгі көтерілген мәселені анықтауға әрекет жаса.

1-қадам	2-қадам	3-қадам
Өлеңде қандай ой ілгері сүрілген?	Бүгінгі күнде осы мәселенің өзектілігі неде?	Ақын осы мәселені көтерудің себебі неде?

Өлеңнен қыз мезгілінде болатын табиғат құбылыстарын, кейіпкерлерді, жанураларды төмендегі кестеге жайластыр және олардың іс-әрекетін сипаттап бер.

Табиғат құбылыстары	Кейіпкерлер	Жануарлар

Сондай-ақ, лирикалық туындыларды оқытуда оқушылардың шығармашылық жұмыстарына да ерекше көңіл бөлген жөн. Сабақта үдерісінде оқушылардың қабілетіне қарай өлең құрастыру, сурет салдыру немесе шағын тақырыпта әдеби эссе жаздырудың да маңызы өте зор.

Қорыта айтқанда, лирикалық туындыларды оқыту басқа жанр түрлеріне қараған мұғалімнен арнайы дайындықты талап етеді. Лирикалық туындыларды жай ғана оқып қою немесе оқытуда селсоқтық таныту оқушының көркем шығармаға деген қызығушылығының төмендеуіне алып келеді. Орыс сыншысы В.Г. Белинский айтқандай лирикалық туындыда бір шумақ немесе шумақ ішіндегі бір тармақ, бір тармақ ішіндегі сөз тіркесі, сөз орынсыз қолданса, онда бастан-аяқ лирикалық туындының мәні мен мазмұнын жояды дегендей, егер лирикалық туындыларды оқытуда ақын қолданған сөз тіркесі немесе сөздің толық мағынасы ашылмас екен, онда оқушы лирикалық туындыдағы ақынның айтпақ болған ойын да, идеясын да ұға алмайды. Тақырыптың мазмұны ашылмаған сабақ, мардымсыз сабақ дегені. Педагогикалық еңбектерде жазылған мына бір қағиданы әрдайым есте ұстаған жөн: “Қырық бес жылдық стажың болса да, қырық бес минуттық сабаққа дайындықпен кір”.



Пайдаланылган әдебиеттер:

1. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. Алматы, “Рауан”, 1997. – 288 бет.
2. Жұмақаева Б. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. Алматы, “Қыздар университеті”, 2015. – 242 б.
3. Тухлиев Б. Адабиёт ўқитиш методикаси. Тошкент, “Янги аср авлоди”, 2006. – 182 б.
4. Бітібаева Қ. Абай шығармашылығын оқыту. Алматы, “Мектеп”, 2003. – 231 б.
5. Abduvalitov E. The Effective Ways of Teaching the Literature of Fraternal Nations in General Secondary Schools. <http://dx.doi.org/10.47814/ijssrr.v6i6.1428>
6. Abduvalitov N. Ways of Teaching Samples of World Literature at Literature Classes by Grene Features. <http://ijmmu.com> editor@ijmmu.com ISSN 2364-5369 Volume 9, Issue 3 March, 2022 Pages: 219-223.
7. Nurjan B. Abduvalitov, Ergash B. Abduvalitov, Baurjan N. Sayfullaev. "Methods of comparative analysis in the study of samples of uzbek and world literature" <https://spast.org/techrep/article/view/4576>
8. Nurymbetovich, S. B. (2023). Dialectisms in the Language of Literary Works. *Central Asian Journal of Literature, Philosophy and Culture*, 4(6), 33-39. Retrieved from <https://cajipc.centralasianstudies.org/index.php/CAJLPC/article/view/893>
9. Yusupov B.B. Motherland and Patriotism in the Lyrics of Tulegen Aibergenov. <https://ijssrr.com/journal/issue/view/28>
10. Bazarbayeva Raykhan Abdimumin qyzy Socio-psychological bases of forming speaking competence based on students' creative thinking. *Web of Scientists and Scholars: Journal of Multidisciplinary Research*. <https://webofjournals.com/index.php/12/article/view/3485>

